

## ЖАҢҒЫРТУ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ЖАҚСАРТАДЫ

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департаменті «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің жаңғыртылған және қайта қалпына келтірілген нысандарына баспасөз туры өткізді. Оған облыстық және қалалық мәслихат депутаттары қатысты.

Баспасөз турына қатысушылар алдымен орталық алаңға барып, осы аумақтағы ауызсу жүйелерін жаңғырту жұмыстарымен танысты. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында «Қызылорда су жүйесі» биыл сумен жабдықтау қызметі бойынша тозу дәрежесін 18-ден 16,22 пайызға дейін түсіру үшін ауыз су және көріз құбырлары ауыстыруда.

Айта кетсек, былтыр инвестициялық бағдарлама бойынша кәсіпорын өз қаражаты есебінен сумен жабдықтау және су бүрудің 19 нысанына күрделі жөндеу жүргізген. Қанша қаражаттың игеріліп, үнемделгені әрі жаңа инвестициялық бағдарлама аясында атқарылатын жұмыстар барысын Ұлттық экономика министрі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департаментінің бас-

шысы Айбек Егембергенов айтты. – Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасымен келісіп, департаменттің бұйрығымен «Қызылорда су жүйесі» 2020-2024 жылдарға ұзақ мерзімге инвестициялық бағдарлама бекітілген. Оның жалпы соммасы 995 миллион теңгені құрайды. Өткен жылы бекітілген 131 миллион теңге қаражатқа орындалған жұмыстарды бақылады. Оның 105 миллионы игеріліп, қалған қаражаты мемлекеттік сатып алу конкурсы бойынша үнемделген. Ал биылғы өз қаражаты есебінен 44 миллион теңге жаңа инвестициялық бағдарлама қарастырылған. Одан бөлек «Тарифті инвестицияға айырбастау» бойынша жаңа тарифтік бағдарлама қолға алынды, – дейді А. Егембергенов.

Осыған сәйкес 2023 жылғы мемлекеттік бюджеттен 695 223,22 мың теңгеге инвестициялық бағдарлама қайта бекітілді. Жалпы өз қаражаты есебінен, яғни 20041,73 мың теңгеге сумен жабдықтау қызметі бойынша, техникалық қайта жарақтандыруға 19 ұңғыманың насос қондырғылары сатып алынып, орнатылған. Осы бағдарлама аясында 6-7 жылдың ішінде барлық коммуналдық желілердің тозу деңгейін 15-20 пайыз аралығында төмендету көзделіп отыр.

Мекемеді атқарып жатқан жұмыстарды «Қызылорда су жүйесі» МКК бас инженері Наурыз Байрыстанов таныстырды. Жалпы сумен жабдықтау жүйесінің тозуы 19,44-тен 18 пайызға дейін, көріз су жүйелерінің тозуы 19,56-дан 19 пайызға, ал нормативтік ысыраптар көрсеткіші 17,19-дан 16,93 пайызға төмендеген. Сондай-ақ апаттар саны 85-ке азайған.

Баспасөз турына қатысқан мәслихат депутаттары ауызсу мәселесін толық шешу тетіктерін талқылады. Айта кетсек, жаз мезгілінде қала тұтыну-

шыларына 80-100 мың текше метрге дейін сапалы су жеткізіліп отыр. Дегенмен, шығын көп. Себебі тұрғындар жазда бау-бақшасын суарса, ал кәсіпкерлер жеке техникалық мақсатта ауызсуды көп пайдаланады. Оған қоса, жеке тұлғалар уақытылы төлем жасамайтыны да үлкен мәселе туындатып отыр. Сол үшін төлемді тікелей мекеменің есебіне түсетіндей ету қарастырылуда.

Одан бөлек әр тұтынушының ысырап жасауына жол бермей, «судың да сурауы бар» екенін білдіру керек. Бүгінде халық 1000 литр суға 39 теңге төлеп отыр. Сондықтан депутаттар тарифтерді қайта қарау керектігін жеткізді.

Айта кетсек, қазіргі уақытта 4 жоба бойынша ауызсу құбырларын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Ал, сарқынды суды біру қызметі бойынша кәсіпорынның өз қаражаты есебінен 3 нысан күрделі жөндеуден өтуде.

Атқарылған жұмыстар кәсіпорынның көрсететін қызметінің сапасын жақсартады.

«СБ» ақпарат

## ҚАЗАНАМА

Сыр елі қабырғасы қайысып, орны толмас қазаға душар болды. 2023 жылдың 17 қыркүйегінде 76 жасында елімізге белгілі кәсіби зангер, қоғам қайраткері, танымал тұлға, әділет генерал-майоры Әлібаев Айтбай Сүйінбайұлы дүниеден озды.

Әлібаев Айтбай Сүйінбайұлы 1947 жылы 25 қазанда Қызылорда облысы Тереңөзек кентінде дүниеге келген.

Өмір жолын заң саласына арнаған. Алматыдағы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін аяқтағаннан кейін 1971-1991 жылдар аралығында Қызылорда облыстық прокуратурасында тергеуші, Арал, Жаңақорған ауданы және Қызылорда қаласының прокуроры, Маңғыстау облысы прокурорының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған.

1991 жылы Бас прокуратурада тергеу басқармасын басқарса, 1992 жылы Торғай облысының прокуроры болды.

1995 жылы Мемлекеттік тергеу комитетінің Торғай облысы бойынша басқармасын басқарды. 1997 жылы осы Комитеттің Қызылорда облысы бойынша департаменті бастығы лауазымына тағайындалды.

2001-2010 жылдар аралығында Қызылорда, Қостанай облыстарының әділет басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде жауапты қызметтер атқарып, 2010 жылы құрметті демалысқа шықты. Қызмет атқарған кезінде жұмыстың барлық саласында жақсы жоғары нәтижелер көрсетті.

Қадағалау аумағында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз еткені үшін Айтбай Сүйінбайұлына Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен 1994 жылы 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, 1996 жылы әділет генерал-майоры атағы берілді.

Оның ұзақ жыл құқық қорғау саласында абыройлы қызмет атқарған, генерал шеніне дейін өскен гибратты, өнегелі өмірі мен елге жасаған



еңбегі ерқашан баршамызға үлгі болды.

Айтбай Әлібаевтың жарқын бейнесі ел жанында ұзақ сақталды.

Болмысы биік, парасаты жоғары қайраткердің жаны жәннатта, топырағы торқа, иманы жолдасы болсын.

**Қызылорда облысының өкімдігі,  
Қызылорда облыстық мәслихаты,  
Қызылорда облыстық Қоғамдық кеңесі,  
Қызылорда облыстық Ардагерлер кеңесі**

### БРИФИНГ

## Емханаға тіркелу науқаны басталды

Жыл сайын елімізде бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарын таңдау екі ай бойы өткізіледі. Дәстүрлі шара биыл да еліміз бойынша 15 қыркүйек пен 15 қараша аралығында жүргізіледі. Осыған байланысты өңірлік коммуникациялар қызметінде «Өлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов брифинг беріп, науқан жайлы баяндады.

– Бүгінде қордың денсаулық сақтау субъектілерінің деректер базасында облыс бойынша 26 БМСК ұйымы тіркелген, оның ішінде 12-сі – мемлекеттік, 14-і – жекеменшік. Осы жылдың 1 қыркүйегіне БМСК ұйымдарына 817 591 адам тіркелген. Олардың көпшілігі, яғни, 674 383 адам мемлекеттік емханаларда, қалған 143 208-і же-

кеменшік емдеу, алдын алу ұйымынан қызмет алады. 2022 терінізге сала кетейік, 2022 жылы емханаларға тіркеу науқанының қорытындысы бойынша БМСК ұйымын еркін таңдау қызметін өңірдің 10 277 тұрғыны пайдаланған. Олардың көпшілігі, нақтырақ айтқанда, 8 660 адам тікелей БМСК ұйымына өтініш беру

арқылы тіркелсе, қалғаны egov.kz порталы арқылы өткен. Тіркелген азаматтардың басым көпшілігі, яғни 9839 адам жеке клиникаларды, қалған 677 адам мемлекеттік емханаларды таңдады, – деді Бақыт Торғайбайұлы.

Емхананы таңдағанда қолжетімдідікті ескеру керек, яғни, емханаңыз үйден 15-20 минут уақытта жаяу жететін жерде орналасқаны жөн. Ал тіркелу екі әдіс арқылы жүргізіледі. Біріншісі, www.egov.kz сайты арқылы барлық азаматтарға арналса, екіншісі әдіс халықтың жекелеген санаттарына ғана арналады. Олар емханаға жеке басын қуаландыратын құжатпен тікелей жүгіне алады.

Емхананы еркін таңдау құқығын пайдаланбаған азаматтар бұрын өзі таңдаған БМСК ұйымында тіркелген күйі қалады. Науқан кезінде БМСК ұйымына тіркелген азаматтар келер жылдың 1 қаңтарынан бастап медициналық көмек ала бастайды. Бұл ретте бұрынғы тіркелген БМСК ұйымынан есептен шығару автоматты түрде жүзеге асырылады.

Тұрғын МӘМС жүйесінде сақтандырылу мәртебесі болма-да да емханаға тіркелудің еркін таңдауын пайдаланғанымен, әрі қарай толыққанды жоспарлы медициналық көмектер алу үшін сақтандырылуы тиіс.

«СБ» ақпарат

## Мініп кетті келместің кемесіне

Қызылорда өңіріне аса танымал, елге сыйлы болған ел ағасы Айтбай Сүйінбайұлының өмірден өтуіне байланысты отбасын, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

Айтбай Сүйінбайұлы еліміздің құқық қорғау саласының дамуына зор үлесін қосқан Сыр елінің біртуар азаматы. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін жас мемлекетіміздің құқықтық саясатының онтайлы жүргізілуіне күш-жігерін салып, зейнеткерлік жасқа дейін прокуратура, әділет органы салаларының ілгерілуіне жұмыс жасады. Қазақстандағы алғашқылардың бірі болып генерал-майор атағын алған Айтбай Сүйінбайұлының наградлары оның еліміз үшін қаншалықты қызмет жасағанын дәлелдеп тұр.

Оның сонау 1971 жылдан бастап алған құқық саласындағы өмір парағы әрбір Отансүйгіш азаматқа үлгі боларлықтай. Жұбайы Раиса анамызбен бірге тәрбиелен, өсірген ұл-қыздары бүгінде еліміздің дамуына үлестерін қосып, өке данқын арттырып келеді. Ұлтына адал



ұл-қыздың өкесі, артынан ерген ұрпағының асқар таудай атасы Айтбай Сүйінбайұлының өмір жолы тарихта мәңгі сақталды.

Жақын адамның қайтыс болуы – үлкен қайғы және қиын сынақ. Өз өмірін адал және абыроймен өткізген, өзінің жақсы істерінің жемісін қалдырған ағамыздың жарқын естеліктері ешқашан ұмытпайды. Осындай адал әрі абыройлы

азаматтың өмірден озуы біздің де қабырғамызды қайыстырды.

Құдайдың жолынан бөтен жол жоқ. Сусы мен мысы еңсенді езіп, ойынды ойрандап кететін өлімнің оңайы болмайды. Айтбай Сүйінбайұлының қазасы, оның отбасына орны толмас қайғы әкелді. Осынау тіршілікте бейқұна бейнет кешіп, тыным таппай, берекесін еңбектен тапқан әзиз-жан, барша ұрпағының, туыстарының мен әріптестерінің жүрегің сыздапты мәңгілік мекенге аттанды.

Көш керуеніне ілесіп, келместің кемесіне мінген ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

**Қызылорда облысы  
Әділет департаментінің, Сот  
сарайына институтының,  
Құқықтық ақпарат  
орталығы Қызылорда  
филиалының, Облыстық  
нотариаттық палатаның,  
Облыстық адвокаттар  
алқасының, Жеке сот  
орындаушылар өңірлік  
палатасының ұжымы**

## САЛЫҚ-КЕДЕН САЯСАТЫН ЖҮРГІЗУДЕГІ МІНДЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында экономикалық тұрақты өсуі салық саясатының түсінікті және болжауға болатындай етіп жүргізілуіне тікелей байланысты екені атап өтілді. Фискалды реттеу ісін қайта жаңғырту үшін 2023 жылы жаңа Салық кодексі әзірленеді. Оның ең түйткілді тұсы саналатын салықтық әкімшілендіру мәселесі түгел қайта жазылуға тиіс, – делінген. Салықтық әкімшілендірудің бір түрі салық төлеушінің ақпараттық жүйедегі мәліметтеріне сәйкес, қашықтықтан мониторинг, яғни камералық бақылау жүргізу болып саналады. Салықтық және кедендік әкімшілендірудегі басты назар – салық төлеуші өз міндеттемелерін ерікті түрде орындауға бағытталған.

Осы ретте, Жолдауда айтылған салықтық әкімшілендіруге қатысты кенінен тоқталатын болсақ, ҚКС қайтару Ережесіне өзгерістер енгізу, тіркелген сәттен бастап салық төлеушінің қызметіне фискалдық сүйемелдеу жасау яғни, оқыту, кеңес беру, IT-шешімдерді қабылдау; салықтық әкімшілендірудің жаңа интеграцияланған ақпараттық жүйесін қолдану; салық түрлерін қысқарту, біріктіру шеңберінде салық есептілігін онтайландыру; қаржылық сауаттылықты арттыру, тұтынушылық кредиттер беру кезінде қаржы ұйымдарына қойылатын талаптарды қатандыру және жеке тұлғалардың банкроттық туралы Заңына өзгерістер енгізу.

Бүгінгі күні Жолдаудан туындайтын Президент тапсырмасы негізінде ҚР Ұлттық экономика министрілігі алаңында жаңа салық кодексі әзірлеудегі жұмыс тобы тиісті жұмыстар жүргізуде.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауы үлкен тарихи құжат болмақ, онда барлық салалар қамтылған және үлкен ауқымды өзгерістерді көздейді.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті ұжымы Мемлекет басшысының Жолдауын толығымен қолдайды және осы Жолдауда айқындалған тапсырмаларды жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін салады деп сенім білдіреміз.

**Әділбек БЕКІШЕВ,  
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының міндетін атқарушы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазГермұнай» БК ЖШС 23.10.2023ж. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Д.А.Қонаев көшесі, 8, Тереңөзек кентінің Мәдениет үйінде, уақыты – сағат 15:00-де «Орталық Ақша-бұлақ кен орнын игеру жобасына қосымша», «Оңтүстік Ақшабұлақ кен орнын игеру жобасына қосымша» және «Оңтүстік Ақсай кен орнын игеру жобасына қосымша» жобаларына арналған «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде қосылу сілтемесі: <https://kmg-kz.zoom.us/j/93701610330?pwd=OUxCMDFkaXNEXE2dVnI1bT0RYUQ1Iz09>

Конференцияның иден-тификаторы: 937 0161 0330. Қолжетімділік коды: 295360 Тапсырыс беруші – «ҚазГермұнай» БК ЖШС, 120018, Қызылорда к., Тасбөгет кенті, Амангелді көшесі, 100.

Жобаны әзірлеуші – «КМГ Инжиниринг» ЖШС АФ, 060097, Атырау к., Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, 10. эл. адрес: atyrau@kmg.kz; k.suineshova@kmg.kz; тел.: 8(7122) 305412.

Жоба бойынша құжаттама БЭҚ-те есортал.kz сайтында орналастырылған.

Жергілікті атқарушы орган – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекен-жайы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, 120003, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1, электрондық мекен-жайы: prd@korda.gov.kz, тел.: 8 (7242) 60-53-62.

Ескертулер мен ұсыныстар төмендегі электронды мекен-жайлар бойынша қабылданады: prd@korda.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/press/article/?lang=kk>, Ecorportal.kz. Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: k.suineshova@kmg.kz тел.: 8 (7122) 30 54 43.

## Жарамсыз деп есептелсін

«KazINFest» қоғамдық қоры мекемесі (БИН 220640001956) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

**«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.  
E-mail: smjarnama@mail.ru**

## Іздеу салады

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төреғам кенті, Ә.Молдағұлова көшесі №25 А үйдің тұрғыны болған, 1979 жылдың 17 желтоқсанында туылған Абдулов Руслан Бақитбековичті 2019 жылдың 17 қаңтарынан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты анасы Ахметова Саркыт Избаскановна іздеу салады.

Қармақшы аудандық сотының 2023 жылдың 23 тамыздағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күннен бастап 3(үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса мына телефондарға хабарласуын сұраймын: 87774529993, 87059639312.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұжымы және ардагерлері қаржы саласының ардагері

**Маханова Бақытқұл Ыбырайханқызының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Өркениет» медицина колледжі ұжымы облыстық тері-венерология диспансері бас дәрігерінің орынбасары Мырзахметов Қайрат Тәңірбергелулына зайыбы медицина саласының ардагері, «Денсаулық сақтау саласының үздігі»

**Күлімбетова Гүлнар Мәлібекқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.